«Кеңейтілген кепілдік»
қызметін көрсету туралы жария оферта

Алматы қ. жарияланған күні: «14» Қыркүйек 20 ж.)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы құжат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта (бұдан әрі – «Оферта») болып табылады және жеке тұлғаларға – тауарларды сатып алушыларға (бұдан әрі – «Клиент») «Кеңейтілген кепілдік» қызметін (бұдан әрі – «Өнім») ұсынудың тәртібі мен талаптарын айқындайды.

1.2. Сатушы – БСН 180440011718, «ASBC KAZAKHSTAN» ЖШС, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, «АСБИС Қазақстан» ЖШС серіктесімен жасалған шарттың негізінде Қызметті ұсынады, ал Серіктес мердігер ұйымдарды – авторландырылған сервистік орталықтарды (бұдан әрі – «АСО») тарту арқылы Қызметтің нақты көрсетілуін қамтамасыз етеді. АСО тізбесі «АСБИС Қазақстан» ЖШС-нің ресми сайтында орналастырылады.

1.3. Клиенттің сауда нүктесінде, интернет-дүкенде немесе төлем терминалы арқылы тауарды сатып алу кезінде Қызмет құнын төлеуі осы Офертаның талаптарын толық әрі сөзсіз акцептеу (қабылдау) болып есептеледі.

1.4. Төлем жүргізілген сәттен бастап Қызметтің құны Клиент пен Орындаушы арасында жасалатын Қызмет көрсету туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1.5. Клиенттің Орындаушыға (Сатушыға) жүгінуі Қызметті алудың міндетті шарты болып табылмайды және оны көрсету мерзіміне әсер етпейді.

1.6. Осы Офертаны қабылдай отырып, Клиент Қызметтің талаптарымен танысқанын, олармен келісетінін, кәмелетке толған әрі әрекетке қабілетті тұлға болып табылатынын, сондай-ақ өз еркімен және ешқандай мәжбүрлеусіз әрекет ететінін растайды.

1.7. Сатушы Қызметті дербес көрсетпейді, сондай-ақ құрылғыларды жөндеуді немесе оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырмайды.

1.8. Өнім бойынша таңдалған Қызметтің атауы: «Кеңейтілген кепілдік»

1) iPhone құрылғысына 1 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік + жазылым/контентке немесе жазылымға қол жеткізу құқығы (Жазылым);

2) MacBook құрылғысына 1 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік + жазылым/контентке немесе жазылымға қол жеткізу құқығы (Жазылым);

3) iPhone құрылғысына 2 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік;

4) MacBook құрылғысына 2 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік.

2. Қызметтердің мазмұны

2.1. Қызмет таңдалған Қызмет түріне байланысты мерзімге құрылғының аккумуляторына көрсетілетін сервистік қызметті қоспағанда, авторландырылған сервистік орталықтардың (АСО) кепілдік қызмет көрсету регламентіне сәйкес, кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін механикалық зақымдануларға немесе пайдалану қағидаларын бұзуға байланысты емес себептермен істен шыққан құрылғының құрамдас бөліктерін диагностикалауды, жөндеуді немесе ауыстыруды ұйымдастыруды қамтитын кеңейтілген кепілдік қызмет көрсету болып табылады.

1) iPhone құрылғысына 1 жыл мерзімге ұзартылған кепілдік + жазылым/контентке немесе жазылымға қол жеткізу құқығы (Жазылым);

2) MacBook құрылғысына 1 жыл мерзімге ұзартылған кепілдік + жазылым/контентке немесе жазылымға қол жеткізу құқығы (Жазылым).

Қызметтің қолданылу мерзімі – осы Қызметпен бірге сатып алынған тауардың кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейінгі 12 (он екі) ай.

Осы Қызмет Қазақстан Республикасының аумағында Сатушыдан сатып алынған барлық iPhone және MacBook құрылғыларына қолданылады.

Қызметке Құрылғының батареясына көрсетілетін сервистік қызметті қоспағанда, АСО регламентіне сәйкес Өндірушінің кепілдік қызмет көрсету мерзімін көрсетілген кезеңге ұзарту кіреді.

Сервистік жұмыстар тек Серіктестің авторландырылған сервистік орталықтарында (АСО) орындалады.

3) iPhone құрылғысына 2 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік;

4) MacBook құрылғысына 2 жыл мерзімге кеңейтілген кепілдік.

Қызметтің қолданылу мерзімі – осы Қызметпен бірге сатып алынған тауардың кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейінгі 24 (жиырма төрт) ай.

Осы Қызмет Қазақстан Республикасының аумағында Сатушыдан сатып алынған барлық iPhone және MacBook құрылғыларына қолданылады.
Қызметке Құрылғының аккумуляторына көрсетілетін сервистік қызметті қоспағанда, АСО регламентіне сәйкес Өндірушінің кепілдік қызмет көрсету мерзімін көрсетілген кезеңге ұзарту кіреді.
Жұмыстар тек Серіктестің АСО орындалады.
Егер Клиент осы Қызметті оның қолданылу мерзімі ішінде пайдаланбаса, ол Қызметтің қолданылу мерзімінің соңғы айында сатып алынған Қызмет құны мөлшеріндегі жеңілдікпен ұқсас тауарды сатып алуға құқылы.

2.2. Қызметті көрсету, оның ішінде жөндеу немесе жинақтауыш бөлшектерді ауыстыру, АСО арқылы жүзеге асырылады.

3. Қызмет көрсету шарттары
3.1. Қызметті алу үшін Клиент Серіктес – «АСБИС Қазақстан» ЖШС-нің ресми сайтында тізбесі орналастырылған авторландырылған сервистік орталықтардың (АСО) біріне тікелей жүгінуге міндетті.
3.2. АСО-ға жүгінген жағдайда Клиент:
- Қызметтің төленгенін растайтын құжатты;
- анықталған ақауы бар құрылғыны ұсынады.
3.3. Қызметті көрсету мерзімі мен тәртібін жөндеудің күрделілігін ескере отырып АСО айқындайды, алайда, әдетте, ол ақылға қонымды мерзімнен аспайды.
3.4. Қызмет төмендегі жағдайларға қолданылмайды:
• Қызмет көрсетуге қатысты шектеулері бар, белгілі бір елдер үшін шығарылған Құрылғыларға;
• сериялық нөмірі жоқ немесе сериялық нөмірін сәйкестендіру мүмкін болмайтын құрылғыларға;
• iPhone, MacBook, iPad құрылғыларынан өзге құрылғыларға;
• Келесі себептерден туындаған зақымдары бар құрылғыларға:
• дисплейде жарықшақтар жоқ, тек беткі сызаттардың болуы;
• дисплейдің тұтастығы бұзылмаған кездегі ойықтар мен кетіктердің болуы;
• құрылғыны мақсатына сай пайдаланбау;
• табиғи (қалыпты) тозу;
• Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың қасақана әрекеттері;
• Құрылғыны Орындаушының авторландырылған сервистік орталығынан тыс жерде жөндеу, түрлендіру немесе ашу;
• жоғары немесе төмен температуралардың, химиялық заттардың немесе өзге де агрессивті орталардың әсері (айфон және планшеттер үшін).
• электр желісіндегі кернеудің ауытқуы салдарынан;
• үшінші тұлғалардың немесе билік органдары өкілдерінің құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан;
• Тұтынушының осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамауы салдарынан;
• Тұтынушының құрылғының техникалық жай-күйі немесе зақымдану мән-жайлары туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынуы жағдайларында;
• зақымдану салдарынан Тұтынушы шеккен кез келген шығыстарға (соның ішінде алынбай қалған пайда, деректердің жоғалуы және өзге де жанама залалдар).
• сату сәтінде бағасы төмендетілген техникаға (демо, damage box, қаптамасыз тауарлар, бұрын пайдаланылған тауарлар);
• демонстрациялық және көрме үлгілеріне;
• кепілдік пломбалары бүлінген немесе жоқ техникаға;
• кез келген аксессуарларға;
• Құрылғының аккумуляторына сервистік қызмет көрсету/оны ауыстыру.
• құлау, ылғалдың түсуі, өрт немесе химиялық әсер салдарынан туындаған зақымдануларға;
• авторландырылмаған тұлғалардың араласуы салдарынан;
• түпнұсқа болып табылмайтын аксессуарларды немесе жинақтауыш бөлшектерді пайдалану салдарынан;
• бағдарламалық қамтамасыз етудегі ақаулықтарға, вирустарға, деректердің жоғалуына, аккумуляторларға және шығыс материалдарына.
Шектеулердің толық тізбесі АСО регламенттерімен айқындалады.

3.5. Техника түрлері бойынша шектеулер
Қызмет төмендегі техникаға қатысты көрсетілмейді:
• сату сәтінде бағасы төмендетілген техникаға;
• демонстрациялық және көрме үлгілеріне;
• кепілдік пломбалары бүлінген немесе жоқ техникаға;

• кез келген аксессуарларға.

3.6. Құрылғыға диагностика жүргізу, жөндеу, жинақтауыш бөлшектерді ауыстыру жөніндегі барлық жұмыстарды, сондай-ақ жағдайдың кепілдікке жататыны немесе жатпайтыны туралы шешімді Серіктестің АСО өздерінің ішкі регламенттеріне сәйкес ғана жүзеге асырады.

4. Құны және төлеу тәртібі

4.1. Қызметтің құны сатып алу сәтінде айқындалады және кассалық құжатта көрсетіледі.
4.2. Қызмет үшін төлем біржолғы тәртіппен жүргізіледі және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қызмет авторландырылған сервистік орталықта (АСО) пайдаланылғаннан кейін қайтарылмайды.
4.3. Қызметтің құнына Серіктестің Клиентке Қызмет көрсеткені үшін сыйақысы кіреді.
4.4. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Құрылғыны Сатушыға Қызмет көрсету мерзімі басталғанға дейін, оның ішінде өндірушінің кепілдік мерзімі ішінде қайтарған жағдайда, Қызмет көрсету шарты тоқтатылады. Орындаушы Клиентке Қызмет құнын Қызметті қосуға, ұйымдастыруға және оны көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуге байланысты шығындарды, яғни Қызмет құнының 40 % (қырық пайызы) мөлшеріндегі соманы шегеріп, қайтарады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Орындаушы өзінің АСО арқылы Құрылғыны жөндеу немесе оған техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетеді және Серіктеске регрестік талап қою құқығын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бөлігінде Клиент алдында жауапты болады.
5.2. Орындаушының Қызметті сауда нүктесі арқылы көрсету кезеңінде Клиент алдындағы жауапкершілігі келесілермен шектеледі:
• Қызметті тиісінше ресімдеу және сату;
• Клиентке Қызметті пайдалану шарттары туралы ақпарат беру;
• АСО-ға жүгіну тәртібі туралы ақпарат ұсыну.
5.3. Қызметті АСО-да көрсету барысында Орындаушы АСО-ның ішкі регламенттерімен және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамамен белгіленген шектерде жауапты болады.
5.4. Осы Оферта бойынша Орындаушының жиынтық жауапкершілігі кез келген жағдайда Клиент сатып алған Қызметтің құнынан аспайды.

6. Қызметтің қолданылу мерзімі

6.1. Қызмет көрсету туралы Шарт Клиенттің осы Офертаны қабылдау арқылы Қызметті сатып алған күнінен бастап жасалған болып есептеледі. Клиенттің Қызметті алу құқығы Құрылғы өндірушісі белгілеген кепілдік мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап туындайды және Қызметті сатып алу кезінде көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.
Қызмет көрсету мерзімі басталғанға дейін Орындаушы Қызметті қосу, тіркеу және оны көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асырады.
6.2. Қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін немесе Офертаның 4.4-тармағында көзделген талаптар туындаған жағдайда, Орындаушының міндеттемелері тоқтатылады.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.
7.2. Шағымдар 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.
7.3. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Сатушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралуға жатады.

8. Өзге де шарттар

8.1. Клиент Офертаның талаптарымен танысқанын және оларды қабылдайтынын растайды.
8.2. Осы Офертаны қабылдау және Шартты жасасу күні Қызметтің сатып алынғанын растайтын кассалық чекте көрсетілген күн болып табылады.
8.3. Офертаның қолданыстағы нұсқасы сату орындарында және/немесе Сатушының/Орындаушының сайтында орналастырылады.